

«БЕКІТЕМІН»



Жаңа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің ректоры  
Ж.Темірбекова  
12 2022 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ  
УЕ-ХҚТУ-073-2022


### СТУДЕНТТЕРДІҢ ІШКІ ТӘРТІП САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. «Жастар саясаты» департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – «Жастар саясаты» департаментінің директоры А.Даркембай
3. Келісілді – Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев  
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова  
– Жауапты хатшы Г.Байсенкул  
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев  
– Заң бөлімінің басшысы Г. Мусаханов  
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан 2022ж.



<i>Қолжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-073-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 2-ші беті

### Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Мақсаты	3
6. Тәртіп бұзушылық және тәртіптік шаралар	4
7. Ескерту	4
8. Сөгіс	4
9. Қатаң сөгіс	4
10. Оқудан шығару	5
11. Тәртіп бұзушылықты қайталау және қарастырылмаған тәртіп бұзушылықтар	5
12. Тәртіп бұзушылықты тексеруге құзыреті басшылар	5
13. Тексеру мерзімі	6
14. Тексеруді жүргізу әдісі	6
15. Өзін-өзі қорғау құқығы	6
16. Тексеру есебі	6
17. Комиссия құрамын жинау	7
18. Комиссия жұмыстарын реттеу	7
19. Жиналыс кворумы	7
20. Есеп беру	7
21. Тәртіптік шараны қолдануға құзіретті басшылар және комиссиялар	7
22. Дауысқа салу	7
23. Шешім	7
24. Шешім қабылдау мерзімі	7
25. Тәртіптік шараны қолдану кезінде ескерілетін мәселелер	7
26. Талқылау әдісі	8
27. Тәртіптік шараны қолдану және наразылық білдіру	8
28. Тәртіптік шараны қолдану	8
29. Назылық білдіру мерзімі және әдісі	8
30. Тәртіптік шара қолдану мерзімінің өтіп кетуі	8
31. Әр түрлі қорытынды ережелер. Мекен-жайды және басқа да мәліметтерді хабарлау	8
32. Іс-құжаттамасын тапсыру	9
33. Өзгерістерді енгізу тәртібі	9
34. Келісу, сақтау және тарату	9
35. Танысу парағы	10
36. Өзгерістерді тіркеу парағы	11

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-073-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 3-ші беті

### 1. Қолдану саласы

- 1.1. Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттеріне қатысты тәртіптік шараларды қолдану тәсілдері мен негіздерін қамтиды.
- 1.2. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісінің 2020 жылы 10 маусымда бекітіліп іске қосылды (№ 6 хаттама 10 маусым 2020ж).

### 2. Нормативті сілтемелер (Сілтемелік құжаттар)

- 2.1. Осы Ережеде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 8-бабының (с) тармағы мен 10-бабының (g) тармағы негізінде дайындалды.
- 2.2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің нормативті-регламенттеуші құжаттарының талаптарына сәйкес құрастырылған.
- 2.3. Осы Ережеде қарастырылмаған жағдайлар Қазақстан Республикасы заңдарына сай реттеледі.

### 3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ереженің қысқартылған сөздер мен олардың мағыналары төмендегідей:

- 3.1. Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- 3.2. Университеттің Этикалық және тәртіптік комиссиясы: Университет ректорының бұйрығымен бекітілген төраға, төраға орынбасары, хатшы мен комиссия мүшелері жатады. Комиссия төрағасын университет ректоры бекітеді. Комиссияға университеттің оқытушы-профессорлар құрамының педагогикалық тәжірибесі мол және абыройлы, сыйлы мүшелері кіреді.
- 3.3. Студент: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларында білім алып жатқан тұлға;

### 4. Жауапкершілік және өкілеттілік

- 4.1. Университеттің осы Ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры немесе Сапа бойынша басшылық өкілі тарапынан бекітіледі.
- 4.2. Осы Ереженің орындалуына Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры жауапты.

### 5. Мақсаты

- 5.1. Осы Ереженің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттеріне қатысты тәртіптік шараларды қолдану әдістері мен негіздерін реттеу болып табылады.

## Жалпы ережелер

### 6. Тәртіп бұзушылық және тәртіптік шаралар

Тәртіптік шаралардың түрлері мынадай:

- а) ескерту: студентке студенттік міндеттері мен іс-әрекеттерінде барынша абай болу керектігін жазбаша білдіру;
- ә) сөгіс: студентке студенттік міндеттері мен іс-әрекеттерінде кемшілік жібергенін жазбаша білдіру;
- б) қатаң сөгіс: студентке студенттік міндеттері мен іс-әрекеттерінде өрескел қателік жібергенін жазбаша білдіру;
- в) оқудан шығару: студентке бұдан былай университетке оқуға қабылданбайтынын ескерте отырып, оқудан шығарылғанын жазбаша білдіру. Оқудан шығарылған студент университетке және оның ғимараттарына кірмейді, студенттік құқықтарын пайдалана алмайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-073-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		II беттің 4-ші беті

### 7. Ескерту

Ескерту берілетін іс-әрекеттер мен жағдайлар төмендегідей:

- а) студенттік этикаға жат әдепсіз іс-әрекеттерге бару;
- ә) адамдармен қарым-қатынас кезінде дәрекілік және құрметсіздік таныту, көпшіліктің мазасын алатындай дәрежеде айқайлау, ән айту, сазды аспаптарда ойнау, шулау, айналасын таза ұстамау;
- б) құзыретті органдар тарапынан сұралатын сұрақтарға себепсіз, уақытылы жауап бермеу;
- в) Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындамау.

### 8. Сөгіс

Сөгіс берілетін іс-әрекеттер мен жағдайлар төмендегідей:

- а) студенттік сипаты мен беделіне жат ұстанымдар мен іс-әрекеттерге бару;
- ә) университет ғиматтарының қабырғалары мен мүліктеріне жазу, белгі, сурет және т.б. салу, жабыстыру, университет мүлкіне зиян келтіру;
- б) университет басшыларының талап еткен мәліметтерін толық немесе дұрыс бермеу, яки мүлдем хабарсыз кету;
- в) университет басшылары белгілеген жерлерден тыс орындарға, университет басшыларының рұқсатынсыз жарнама және хабарландыру ілу;
- г) аудиторияда, зертханада, шеберханада және конференция залдарында өтіп жатқан іс-шараларға кедергі келтіру;
- д) университет ішінде алкогольді ішімдік ішу немесе аудиторияда, зертханада, шеберханада және конференция залдарында өтіп жатқан іс-шараларға алкогольді ішімдік ішіп қатысу;
- е) университетке қарасты аудиторияларда, зертханаларда, шеберханаларда, ауруханада, денсаулық сақтау орындары мен қосалқы ғимараттарында, коридорларында және ауласында студентке жат киім кию және көріністе болу;
- ж) университетте немесе басшылардың рұқсатымен ілінген хабарландыруларды, бағдарламаларды, т.с.с. қағаздарды жырту, жұлып тастау, өзгерту, сызу немесе былғау.

### 9. Қатаң сөгіс

Қатаң сөгіс берілетін іс-әрекеттер мен жағдайлар төмендегідей:

- а) университет басшыларымен, оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынас кезінде құрметсіздік және әдепсіздік таныту;
- ә) өзге біреудің үйренуге және үйретуге деген еркі мен талпынысын шектеу, оқу орнының тыныштығы мен тәртібін бұзу;
- б) құмар ойын ойнау немесе ойнатқызу;
- в) университеттен алған, өзіне тиесілі құжатты басқа біреуге пайдалану үшін беру немесе басқа біреудің құжатын пайдалану;
- г) Ректораттың хабарынсыз және рұқсатынсыз университет ішінде немесе тысында университеттің атынан қандай да бір әлеуметтік, мәдени, спорттық, т.с.с. іс-шараларды ұйымдастыру;
- д) жиналыстар мен салтанатты жиындардың тыныштығы мен тәртібін бұзу;
- е) Ректораттың хабарынсыз университетте хабарландыру тарату, афиша және транспарант ілу;
- ж) университетке қарасты ашық және жабық орындарда басшылардың рұқсатынсыз жиналыс өткізу немесе қатысу;
- з) емтиханда көшіру, көшіруге себепкер болу немесе әрекет ету;
- и) университет басшыларын, оқытушыларын және қызметкерлерін қорқыту немесе балағаттау, ұрлық жасау;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-073- 2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 5-ші беті

к) жеке өзі немесе топтасып университет басшыларының жеке басына немесе шешімдеріне қарсы дәрекі сөз айту, мақала жариялау, осындай іс-әрекеттерге студенттерді арандату немесе өзі істеу;

л) тәртіптік комиссияның жұмысына немесе тәртіп бұзушылықтың мән-жайын тексеру істеріне күш қолдану немесе қорқыту арқылы кедергі келтіру, яки тексеру барысын өзгертетіндей іс-әрекетке бару;

м) басқа біреуді немесе топты қорқыта отырып, қылмыс саналатын іс-шараларды ұйымдастыруға, қатысуға, жалған мәлімет беруге, жалған айғақ көрсетуге немесе кінәні өз мойнына алуға мәжбүрлеу;

н) университетте тыйым салынған әр түрлі басылымдарды сақтау, көбейту және тарату.

#### 10. Оқудан шығару

Оқудан шығаруға себеп болатын іс-әрекеттер мен жағдайлар төмендегідей:

а) Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының рухани болмысына нұқсан келтіретін сөз айту немесе іс-шаралар ұйымдастыру, осындай іс-әрекеттерге қолдау көрсету, көмектесу немесе қос мемлекеттің рухани болмысына ауызша яки жазбаша нұқсан келтіру;

ә) Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының мүддесіне қарсы істеген қылмысы үшін жауапқа тартылу;

б) емтиханға өз орнына басқа біреуді кіргізу немесе басқа біреудің орнына кіру;

в) университет қызметкерлерінің жұмыс істеуіне кедергі келтіру немесе студенттерді осындай іс-әрекеттер жасауға арандату;

г) университетте бойкот жариялау, ереуілге шығу, басқыншылық жасау, жұмыс қарқынын бәсеңдету немесе тоқтату мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу я болмаса осындай іс-шаралардың ұйымдастырылуына қолдау көрсету;

д) идеологиялық және саяси мақсатпен ұйым тыныштығы мен еңбек тәртібін бұзу;

е) ресми құжаттарға жалған мәліметтер енгізе отырып, жалған құжат дайындау немесе дайындауға әрекет ету, көмектесу;

ж) университет ғимараттарына кіруіне тыйым салынса да, бұған бойұсынбау немесе құзыретті органдар тарапынан жабылған ғимараттарға кіру, зиян келтіру немесе бұзу;

з) есірткі зат қолдану, тасымалдау, сақтау немесе сату;

и) қару-жарақты, оқ-дәріні немесе шабуылдау және қорғану кезінде пайдалану үшін арнайы істелінген пышақ секілді суық қаруларды, жарылғыш заттарды тасымалдау, университет ішінде алып жүру немесе осындай қылмыстары үшін жауапқа тартылу;

к) бір адамға немесе топқа, қандай себеппен болса да, қысым көрсету немесе көрсеткізу;

л) заңсыз ұйымдарға мүше болу, қызмет ету немесе жәрдем беру;

м) қауіпсіздік органдары іздеу салған азаматтарды жасыру немесе оларға пана болу;

н) басқа біреулерге қасақана күш қолдану;

о) қарақшы топ құру, біреудің немесе қандай да бір топтың атынан ақша жинау немесе қарақшылық жасау;

п) адамдарды тіліне, дініне, нәсіліне, түсіне қарай алалауға алып келетін іс-әрекетке бару және абыройын таптау, зорлау.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-073-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 6-ші беті

## **11. Тәртіп бұзушылықты қайталау және қарастырылмаған тәртіп бұзушылықтар**

11.1. Жоғарыда аталған және тәртіптік шараны қолдануға себеп болған іс-әрекеттерді немесе сипаты мен мазмұны жағынан осыған ұқсас іс-әрекеттерді жасаған студентке бірдей тәртіптік шара қолданылады.

11.2. Тәртіптік шараны қолдануға себеп болған іс-әрекетті немесе жағдайды қайталаған студентке бұрынғыдан ауыр шара қолданылады.

## **12. Тәртіп бұзушылықты тексертуге құзыретті басшылар**

Тәртіп бұзушылықты тексертуге құзыретті басшыларға университет ректоры, ректор өкілі (I Вице-ректоры), факультет декандары, институт директорлары жатады. Тәртіп бұзушылықты тексертуге құзыретті басшылар тәртіп бұзушылықты тексеру ісімен тікелей өздері айналысуы немесе арнайы құрған тексеру комиссиясы арқылы жүргізуі мүмкін. Тәртіп бұзған студенттер әр түрлі мамандықтарда білім алып жатқан болса, онда тексеру комиссиясы ректор немесе ректор өкілі (I Вице-ректоры) тарапынан құрылып, ең кемі үш кісіден жасақталады.

## **13. Тексеру мерзімі**

13.1. Тәртіп бұзушылықты тексеру ісі тәртіп бұзушылықтан хабардар болған күннен кейінгі жұмыс күні басталады. Тексеруді жүргізу үшін тексеру комиссиясы тағайындалған жағдайда тексерудің жүргізілетіні жөніндегі шешім тексерушіге немесе тексеру комиссиясына беріледі. Тексеру ісі шешім қабылданғаннан күннен бастап ең кеш 15 күн ішінде аяқталуға тиіс.

13.2. Этикалық және тәртіптік комиссиясы 15 күн ішінде тексеруді бітіре алмаса, маңызды себепін көрсете отырып, қосымша уақыт сұрауына болады. Тексеруге бұйрық берген тәртіптік басшы қажет деп тапса, қосымша 15 күн уақыт береді.

## **14. Тексеруді жүргізу әдісі**

14.1. Этикалық және тәртіптік комиссиясы куәгерлерді тыңдайды, тәртіп бұзушылық жасалған жерге барып, тексеру жүргізеді және білікті мамандармен кеңеседі немесе басқа жердегі куәгердің пікірін алу үшін сол жердегі тиісті органдардың көмегіне жүгінеді. Әр бір тексеруге қатысты хаттама толтырылады. Хаттамада тексерудің барысы, қайда және қашан жүргізілгені, тексеруге кімдердің қатысқаны, қандай сұрақтар сұралып, қандай жауаптар алынғаны жазылады. Хаттамаға тексеру комиссиясының мүшелері, хатшы, тәртіп бұзған студент немесе тексеру барысына қатысқандар я болмаса құжаттарға жауапты тұлғалар қол қояды. Хаттамада куәгерлердің аты-жөні, мекен-жайы және басқа да маңызды мәліметтері анық көрсетіледі.

14.2. Университет қызметкерлері тексерушілер сұраған әр түрлі мәліметтер мен құжаттарды дер кезінде тапсыруға және тексеру барысына қолдау көрсетуге міндетті.

## **15. Өзін-өзі қорғау құқығы**

Тәртіп бұзушының жазбаша түсініктемесі алынбастан, оған тәртіптік шара қолданылмайды. Тексеру есебін алған, тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшы немесе комиссия тәртіп бұзған студенттен жазбаша түсініктеме беруін талап етеді. Тәртіп бұзған студентке жолданатын хатта тәртіп бұзушылықты тексеру ісінің ашылу себебі және ең кемі үш күн ішінде жазбаша түсініктеме беру керектігі жазылады. Куәгерлердің түсініктемелері және басқа да дәлелдер нақтыланады. Белгіленген мерзім ішінде немесе белгіленген күні келіп, түсініктеме бермеген студент өзін-өзі қорғау құқығынан бас тартқан деп есептеледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-073-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 7-ші беті

#### 16. Тексеру есебі

Тексеру үдерісі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

а) Тексеру біткенде тексеру есебі дайындалады. Тексеру есебінде тексеруді жүргізу жөніндегі шешім, тексерудің басталған күні, тәртіп бұзушының жеке мәліметтері, тексерудің ресми сипаты және мерзімі, тәртіп бұзушылықтың тақырыбы, тәртіп бұзушының айғақтары және түсініктемелері қорытындыланады.

ә) Тәртіп бұзушылықтың әр бір фактісі бойынша жеке-жеке талдау жасалады және айғақтарға негізделе отырып, тәртіп бұзушылықтың дәлелді не дәлелді еместігі талқыланады және қолданылатын тәртіптік шараның түрі ұсынылады. Бар құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелері жеке папкаға жинақталып, тексеру есебіне тіркеледі.

б) Тексеру есебі тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшыларға немесе комиссияға тапсырылады. Құзыретті басшылар немесе комиссия мүшелері жиналып, ең кемі үш күн ішінде тексеру есебін талқылауға кіріседі.

#### 17. Комиссия құрамын жинау

Этикалық және тәртіптік комиссиясы мүшелері комиссия төрағасының шақыруымен белгіленген жерге, белгіленген уақытта жиналады.

#### 18. Комиссия жұмыстарын реттеу

Осы ереженің тиісті бабына сәйкес комиссия төрағасы студентке жазбаша өзін-өзі қорғауға рұқсат берілуін, жиналыс күн тәртібінің әзірленуін және тиісті тұлғаларға хабарлануын қамтамасыз етеді.

#### 19. Жиналыс кворумы

Этикалық және тәртіптік комиссиясы жиналысын өткізу үшін комиссия мүшелерінің жартысынан көбі қатысуға тиіс.

#### 20. Есеп беру

Этикалық және тәртіптік комиссиясы жиналысында есеп беру міндетін комиссия төрағасы тағайындайтын мүше атқарады. Есеп беруші өзіне берілетін құжаттарды ең кеш екі күн ішінде тексеріп, бітіреді және тексеру есебін комиссия төрағасына ұсынады.

#### 21. Тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшылар және комиссиялар

Ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс тікелей тиісті факультет деканы, институт директоры тарапынан; ал, уақытша оқудан шеттету және оқудан шығару шаралары тәртіптік комиссия тарапынан университет ректоры мен ректор өкілінің (I Вице-президенті) келісімі алынғаннан кейін беріледі.

#### 22. Дауысқа салу

Этикалық және тәртіптік комиссиясы жиналыстарында әр бір мүше «қарсы емеспін» және «қарсымын» деп дауыс беруге тиіс. Қалыс дауыс есепке алынбайды. Жиналысқа қатысқандардың басым көпшілігі дауыс берген шешім қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда университет ректоры немесе ректор өкілі (I Вице-ректоры) дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

#### 23. Шешім

Тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшы немесе Этикалық және тәртіптік комиссиясы тексеру есебінде ұсынылған шараны қолдануға немесе қолданбауға ерікті. Ол маңызды себептері мен айғақтарын көрсете отырып, тәртіптік шарамен келіседі немесе келіспейді, я болмаса басқа шара қолдана алады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-073-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 8-ші беті

#### **24. Шешім қабылдау мерзімі**

Тәртіптік шараны қолдануа құзыретті басшы тәртіп бұзған студентке ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс шараларын тексеру ісі біткеннен кейін 10 күн ішінде қолдануға тиіс. Бұдан басқа шаралардың қолданылуын қажет ететін тәртіп бұзушылықтар кезінде іс құжаттамасы дереу тәртіптік комиссияға жіберіледі. Тәртіптік комиссия іс құжаттамасын алған кейін 10 күн ішінде шешім қабылдауға тиіс.

#### **25. Тәртіптік шараны қолдану кезінде ескерілетін мәселелер**

Тәртіптік шараны қолдану реті мынадай:

а) Тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшылар мен тәртіптік комиссиялар тәртіптік шаралардың бірін қолдану кезінде тәртіп бұзушылықтың ауырлығын, тәртіп бұзушы студенттің қандай мақсатпен әрекет еткенін, тәртіп бұзушылыққа ерікті немесе еріксіз түрде барған-бармағанын, бұдан алдын тәртіп бұзған-бұзбағанын, істеген ісіне өкініп-өкінбейтінін, оның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын ескереді.

ә) Топтасып тәртіп бұзушылыққа барған студенттерді жеке-жеке анықтау мүмкін болмаған жағдайда олардың әрқайсысы үшін құзыретті басшылар немесе комиссиялар тарапынан тиісті шара беріледі.

#### **26. Талқылау әдісі**

Этикалық және тәртіптік комиссия жиналысында ең алдымен есеп берушінің баяндамасы және қажет деп табылса, тексерушілердің пікірлері тыңдалады. Мәселе жан-жақты талқыланып, бір қорытындыға келгеннен кейін дауысқа салынады және қабылданған шешім комиссия төрағасы тарапынан жарияланады.

#### **27. Тәртіптік шараны қолдану және наразылық білдіру**

27.1. Тәртіп бұзушылықтың мән-жайын тексеру нәтижесінде қолданылатын шара тексеруге немесе тексеруге құзыретті басшы тарапынан мына кісілерге хабарланады:

- а) тәртіп бұзушылыққа қатысты іс қозғалған студентке;
- ә) студенттің әкесіне не шешесіне, олар жоқ болса, студенттің ең жақын отбасы мүшесіне;
- б) тиісті мекемелерге.

27.2. Қажет деп табылған жағдайда, тәртіптік шаралар университет белгілеген арнайы орындарда да көпшілікке хабарланады.

#### **28. Тәртіптік шараны қолдану**

Тәртіптік шаралар құзыретті тұлғалар немесе комиссиялар тарапынан қай уақыттан бастап қолданылатыны көрсетілмесе, шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді және бірден қолданылады.

#### **29. Наразылық білдіру мерзімі және әдісі**

29.1. Тәртіп бұзушы студент тәртіптік шараны қолдануға құзыретті басшылар тарапынан берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және оқудан шығару шараларына қатысты наразылығын 3 күн ішінде университеттің Этикалық және тәртіптік комиссиясына білдіре алады. Университеттің Этикалық және тәртіптік комиссиясы тәртіптік шара қолдану жөніндегі шешімді қарай отырып, шешімді сол қалпында қалдырады немесе жояды. Этикалық және тәртіптік комиссиясының шешімі соңғы қорытынды шешім болып табылады.

29.2. Осы ереженің 9-бабындағы оқудан шығару шарасының қолданылуын қажет ететін іс-әрекеттердің бірін жасаған түркиялық және түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарынан келген студенттер оқуға қайта қабылданбайды.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-073-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет Ережесі	
Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі		11 беттің 9-ші беті

### 30. Тәртіптік шара қолдану мерзімінің өтіп кетуі

Осы ережеде көрсетілген тәртіп бұзушылықтардың мән-жайын тексеруге құзыретті басшылар тәртіп бұзушы студентке тексеру басталған күннен бастап 1 ай ішінде тәртіптік шараны қолданады және тәртіптік шараны қолдану жөніндегі шешімін хабарлайды. Бір ай ішінде тәртіптік шара қолданылмаса, тәртіптік шараны қолдану мерзімі өтіп кетті деп есептеледі.

### 31. Әр түрлі қорытынды ережелер

#### Мекен-жайды және басқа да мәліметтерді хабарлау

Тәртіп бұзушылықтың мән-жайын тексеруге қатысты барлық хабарлама тәртіп бұзушы студенттің өзіне тікелей университетте қолма-қол беріледі немесе оқуға қабылдану барысында көрсетілген мекен-жайына жолданады. Тәртіп бұзушы студентке қолданылатын шараны университеттегі хабарландыру тактайшаларына ілу арқылы да хабарлауға болады.

#### 32. Іс құжаттамасын тапсыру

Тәртіп бұзушылықтың мән-жайын тексеруге қатысты құжаттар жіппен тігілген күйі тапсырылады және қабылданады. Жіппен тігілген жерінің төменгі жағында тапсырушы мен қабылдаушының қолы қойылады.

#### 33. Өзгерістерді енгізу тәртібі

33.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

33.2 СМЖ енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

#### 34. Келісу, сақтау және тарату

34.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Жастар саясаты департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмысданасын қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

34.2 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-ға сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік-мәдени даму  
вице-ректоры

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Жауапты хатшы

Заң бөлімінің басшысы

Адам ресурстарын басқару бөлімінің  
басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау  
және сапа орталығының жетекшісі

А.Тұрғанбаев

Э.Идрисова

Г.Байсенкул

Г.Мусаханов

Қ.Тубеков

Ж.Дарибаев



